

Өнердің, еңбектің және шәкірт пен ұстаз арасындағы тығыз байланыстың айқын көрінісі



Аудандық Мәдениет үйінде өнер мен шабытқа толы ерекше кеш өз мәресіне жетті. «Алтынай» би ансамблінің 25 жылдық мерейтойы мен «Шапағат» балалар шығармашылық орталығының 5 жылдығына арналған есеп беру концерті көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлады. Кеш шымылдығы жүргізушілер Жайнарбек Зандыбай мен Жұлдыз Тлеуханованың әсерлі сөзімен ашылып, көрермендерді өнер әлеміне жетеледі. Тамыры 2001 жылдан бастау алатын, алғашында

«Толғанай» би ұжымы ретінде құрылған ансамбль бүгінде «Алтынай» атауымен аудан мақтанышына айналып отыр. Осы жылдар ішінде ұжым мыңдаған баланы қазақтың халық би өнеріне баулып, ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Ансамбль жетекшісі Сұрағанова Бақытгүл Бекенқызы - өнерді өмірінің мәніне айналдырған жан. Алматы қаласындағы қыздар педагогикалық институтын тәмамдап, еңбек жолын ауданымызда жалғастырған ол талай да-

рынды шәкірт тәрбиелеп, ата-аналардың сенімі мен халықтың құрметіне бөленді. Оның табандылығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында тәрбиеленушілер облыстық, республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп келеді.

2021 жылы Бақытгүл Бекенқызының бастамасымен «Шапағат» балалар шығармашылық орталығы ашылып, бүгінде ол балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін үлкен өнер ордасына айналды. Қазіргі таңда орталықта 200-ге жуық бала спорттық және шығармашылық бағыттағы 9 түрлі үйірмеде өз қабілеттерін шыңдауда. Атап айтқанда, волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, қазақ күресі, вокал, домбыра және би үйірмелері белсенді жұмыс істейді.

Кеш барысында орталықтың бапкерлері мен үйірме жетекшілері және шәкірттері сахна төрінен лайықты орын алып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе әр бағыттағы командалардың жетістіктері мен еңбектері ерекше атап өтілді.

Мерейтой иелерін аудан әкімі Ардақ Смайылов арнайы құттықтап, орталықтың дамуына үлес қосып жүрген ұстаздар мен жаттықтырушыларға Алғыс хаттар табыстады. Өз сөзінде ол ұстаздардың еңбегін жоғары бағалап, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлінің маңыздылығын атап өтті.

А. АМАНЖОЛОВА.
(Жалғасы 4 бетте).



Уверенная победа на этапе республиканского турнира «Senat Open Cup – 2025» нашего коллегии!



Призером турнира по шахматам среди работников СМИ и блогеров региона в рамках республиканского турнира «Кубок Сената», прошедший в минувшую субботу, стал наш коллега – ответственный секретарь газеты «Bulandy Aqparat» Жайнарбек Зандыбай!

Всего в соревнованиях приняли участие 37 человек, которые сыграли 9 туров напряжённых интеллектуальных партий.

Итоги среди женщин:

- 1 место - Аздар Зарема (г. Кокшетау)
- 2 место - Есенова Гулайым (г. Кокшетау)
- 3 место - Большина Махаббат (г. Кокшетау)

Итоги среди мужчин:

- 1 место - Зандыбай Жайнарбек (Буландынский район)
- 2 место - Иманбаев Куаныш (г. Кокшетау)
- 3 место - Сабитов Темирлан (г. Кокшетау)

Также по итогам турнира были отмечены лучшие шахматисты в отдельных номинациях.

Республиканский проект «Senat Open Cup – 2025» направлен на популяризацию шахмат и развитие интеллектуального потенциала общества.

Поздравляем победителей!

По материалам областных источников.



Аудан депутаттарының тұрғындарға үндеуі

Құрметті жерлестер! Қаламыз бен ауылдық округтеріміздің тұрғындары! Кәсіпорын басшылары мен кәсіпкерлер!

Табиғат жаңарып, ортақ үйіміз ерекше күтім мен қамқорлықты қажет ететін уақыт келді. Оны біздің ауданға келген қонақтардың қалай көретіні, балаларымыздың қандай жағдайда өсетіні тек коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана емес, әрқайсымыздың қосатын жеке үлесімізге де байланысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру және «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында біз, мәслихат депутаттары, сіздерді күш біріктіріп, көшелерімізді, аулалары-

мыз бен жұмыс орындарымызды үлгілі тәртіпке келтіруге шақырамыз.

1. Жеке сектор мен көппәтерлі үйлердің тұрғындарына

Сіздердің аулаларыңыз — үйлеріңіздің айнасы. Біз сіздерден:

- Үй маңындағы аумақты тұрмыстық және құрылыс қоқыстарынан тазартуды;
- Қоршаулар мен үй қабырғаларын (фасадтарын) ретке келтіруді;
- Гүлдер, ағаштар отырғызуды немесе шағын гүлзарлар жасауды сұраймыз.

2. Ұйым басшылары мен кәсіпкерлерге

Бизнес – бұл тек экономика ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік

жауапкершілік. Сіздерді:

- Бекітілген және іргелес аумақтарда санитарлық тазартуды ұйымдастыруға;
- Кіреберіс топтарды, маңдайшалар мен витриналарды жаңартуға;
- Сапалы жарықтандыруды және кіреберісте қоқыс жәшіктерінің болуын қамтамасыз етуге;
- Кеңсе, дүкен және дәмхана маңын көгалдандыруға көңіл бөлуге шақырамыз.

3. Жер учаскелерінің иелері мен жалға алушыларға

Жерге иелік ету оны күтіп ұстау міндеттемелерін жүктейтінін еске саламыз:

- Учаскелердің арамшөп басыуына және

олардың қоқыс үйінділеріне айналуына жол бермеңіздер.

- Шөпті уақтылы шауып, қоқысты шығарып отырыңыздар.

- Естеріңізде болсын: күтімсіз қалған учаске — бұл тек эстетикалық мәселе емес, сонымен қатар өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып табылады.

Бұл неліктен маңызды?

Абаттандыру — бұл бір реттік сенбілік емес, өзіңе және көршілеріңе деген құрметтің көрінісі. Қаладағы тазалық аула сыпырушының сыпырғышынан емес, әрқайсымыздың үйімізді жайлы етуге деген талпынысымыздан басталады.

(Жалғасы 2 бетте).



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Аудан депутаттарының тұрғындарға үндеуі

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Біздің мәдениетіміз ортақ еңбек пен ресурстарды бағалауды қойған кезде аяқталады.

Таза қала — бұл шаңсыз таза ауамен тыныстау және күтілген көшелермен серуендеуден рахаттану.

Мәлімет үшін!

Мемлекет басшысы қол қойған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБТК) енгізілген түзетулерге сәйкес, жергілікті атқарушы органдарға (әкімдіктерге) 434-2 және 505-баптары бойынша жұмыс істеу құқығы берілді. Бұл қалалық және ауылдық әкімдік қызметкерлері ішкі істер органдарының

қызметкерлерін тартпай-ақ, заң бұзушылықтарды сол жерде тіркеп, хаттамалар толтыра алатынын білдіреді.

Бұл келесі заң бұзушылықтар туралы болып отыр:

434-2-бап. Қоғамдық пайдалану орындарын ластау

Қоғамдық пайдалану орындарын, парктерді, саябақтарды ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау — он айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салуға немесе қырық сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан

кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер — жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе сексен сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға әкеп соғады.

505-бап. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру.

Осы Кодекстің 381-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылым объектілерін

бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – 20 АЕК;

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК;

- орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК; ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

- Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – 30 АЕК;

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40 АЕК; орта кәсіпкерлік субъектілеріне

– 50 АЕК;

- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. (1 АЕК – 4325 теңге).

Біз баршаңызды алдағы сенбіліктер мен тазалық күндеріне белсене қатысуға шақырамыз. Тазалық мәдениетін өз шаңырағымыздан бастап қалыптастырып, Буланды ауданын балаларымыз үшін таза әрі жайлы күйде сақтайық! Біздің бүгінгі қосқан үлесіміз – бұл өзімізді және жақындарымызды күн сайын қуантатын жайлылық пен сұлулықты қамтамасыз етуді білдіреді.

Құрметпен: Аудандық мәслихат депутаттары.

Обращение депутатов населению района

Уважаемые земляки! Дорогие жители нашего города и сельских округов! Руководители предприятий и предприниматели!

Наступило время, когда природа обновляется, и наш общий дом требует заботы и внимания. То, каким увидят наш район гости, и в каких условиях будут расти наши дети, зависит не только от работы коммунальных служб, но и от личного вклада каждого из нас.

В рамках реализации поручения Главы государства и экологической акции «Таза Қазақстан» мы, депутаты маслахата, обращаемся к вам с призывом объединить усилия и привести в порядок наши улицы, дворы и рабочие места.

1. Жителям частного сектора и многоквартирных домов

Ваш двор – это лицо вашего дома. Мы просим вас:

Очистить прилегающую к домам территорию от бытового и строительного мусора.

Привести в порядок заборы и фасады.

Высадить цветы, деревья или обустроить небольшие газоны.

2. Руководителям организаций и предпринимателям

Бизнес – это не только экономика, но и социальная ответственность. Призываем вас:

Организовать санитарную очистку закрепленных и прилегающих территорий.

Обновить входные группы, вывески и витрины.

Обеспечить качественное освещение и наличие урн у входов.

Уделить внимание озеленению территорий ваших офисов, магазинов и кафе.

3. Собственникам и арендаторам земельных участков

Напоминаем, что владение землей накладывает обязательства по её содержанию:

Не допускайте зарастания участков сорной травой и их превращения в стихийные свалки.

Своевременно производите покос травы и вывоз мусора.

Помните: неухоженный участок — это не только эстетическая проблема, но и нарушение норм пожарной безопасности.

Почему это важно?

Благоустройство – это не разовый субботник, а проявление уважения к себе и своим соседям. Чистота в городе начинается не с метлы дворника, а с желания каждого из нас сделать свой дом уютнее. Наша культура заканчивается там, где мы перестаем ценить общий труд и ресурсы.

Чистый город – это дышать свежим воздухом без пыли. Удовольствие от прогулок по ухоженным улицам.

К сведению! Согласно поправкам в Кодексе об административных правонарушениях (КоАП), подписанным Главой государства, местные исполнительные органы (акиматы) наделены правом работать по статьям 434-2 и 505. Это означает, что сотрудники городских и сельских акиматов смогут на месте фиксировать нарушения и составлять протоколы без привлечения сотрудников органов внутренних дел.

Речь идет о следующих нарушениях: **Статья 434-2.** Загрязнение мест общего пользования

1. Загрязнение мест общего пользования, парков, скверов, в том числе выброс коммунальных отходов в не-

установленных местах, – влечет штраф в размере 10 месячных расчетных показателей либо привлечение к общественным работам на срок сорок часов.

2. Действия, предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, – влекут штраф в размере 20 месячных расчетных показателей либо привлечение к общественным работам на срок восемьдесят часов.

Статья 505. Нарушение правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов, а также разрушение объектов инфраструктуры, уничтожение и повреждение зеленых насаждений города и населенных пунктов

1. Нарушение правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов, а также разрушение объектов инфраструктуры, уничтожение и повреждение зеленых насаждений городов и населенных пунктов, за исключением случаев, предусмотренных статьей 381-1 настоящего Кодекса, – влекут предупреждение или штраф на физических лиц в размере 20, на субъектов малого предприниматель-

ства или некоммерческие организации – в размере 30, на субъектов среднего предпринимательства – в размере 40, на субъектов крупного предпринимательства – в размере 100 месячных расчетных показателей.

2. Действия, предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, – влекут штраф на физических лиц в размере 30, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере 40, на субъектов среднего предпринимательства – в размере 50, на субъектов крупного предпринимательства – в размере 300 месячных расчетных показателей (1 МРП – 4325 тенге).

Мы приглашаем всех принять активное участие в предстоящих субботниках и днях чистоты. Давайте вернем культуру в наши дома, сохраним Буландынский район чистым и функциональным для наших детей! Наш вклад сегодня – это комфорт и красота, которые будут радовать нас и наших близких каждый день.

С уважением, депутаты районного маслахата.

«ArtMix» өнер байқауы өтті

Буланды төрін дүбірге бөлеп Ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және Буланды аудандық Мәдениет үйінің 40 жылдығына арналып аймақтық «ArtMix» өнер байқауы өтті. Ел ішіндегі талантты жандардың өнерін, шығармашылығын көпшілікке насихаттау мақсатында өткен байқауға Аршалы, Зеренді, Шортанды, Біржан сал аудандарымен қатар Степногорск қаласы және ауданымызға қарасты ауылдық округтер мен қала өнерпаздары қатысты. Байқау:вокалдық өнер, хореография және аспаптық орындау бойынша үш бағытта өтті. Қатысушылардың өнеріне: Буланды ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Төлетайұлы Шортаев, Аудандық мәдениет үйінің музыка сүйемелдеушісі, композитор Жансейіт Нәштенұлы Түкібаев, «Алтынай» би ансамблінің және «Шапағат» балалар шығармашылық орталығының жетекшісі Бақытгүл Бекенқызы Сұрағанова, «Сердало» би ансамблінің жетекшісі Райса Тугановна Гагиева және «Балалар музыка мектебінің» директоры, әнші Сертай Жатайұлы Нұржанов қазылық етіп, әділ бағаларын берді.



Аспаптық орындауда қазақтың қара домбырасында күй тартқан Степногорск қаласынан келген Айтуған Каслин 2-орынды иеленді. Ал, 1-орынды Зеренді ауданынан келіп гитара және жетіген аспаптарында өнер көрсеткен Бақыт Ұлатай мен Самал Иманғалиева иеленді. Хореографиялық өнерде 3-орыннан Шортанды ауданының намысын қорғаған Дана Сыздықова көрінсе, 2-орын ауданымызға қарасты Капитоновна ауылынан келген «Девчата» би ұжымы еншіледі. Ал, 1-орынды буландылық биші қызымыз Айша Елешқызы иеленді. Байқаудың ең көп өнерпазы вокалдық өнерге қатысты. Жан-жақтан келген күміс көмей, жез таңдай әншілер көрермендердің ыстық ықыластарына бөленді. Қазылар алқасының шешімі мен Вокалдық өнерде Біржан сал ауданынан келіп домбырада ән шырқаған ЭльмираКалхожаева 3-орын иегері атанды. Зеренділік әнші Хамза Айдын 2-орынды еншілесе, Аршалы ауданынан келген Ернұр Сәрсекеев 1-орынды жеңіп алды. Жүлдегерлер және барлық қатысушылар ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



Осторожно: открытые окна — угроза для детей

С наступлением теплого времени года все чаще фиксируются несчастные случаи, связанные с выпадением детей из окон. Подобные происшествия происходят внезапно и, как правило, в считанные минуты, когда ребенок остается без присмотра.

Основная причина трагедий — беспечность взрослых и ложное ощущение безопасности. Многие родители счита-

ют, что москитная сетка способна защитить ребенка, однако это не так. Сетка не рассчитана на вес ребенка и легко выдавливается при малейшем нажатии.

Чаще всего в группе риска находятся дети в возрасте от 2 до 7 лет — в этом возрасте они активны, любознательны и не осознают опасности. Даже кратковременное отсутствие контроля со стороны взрослых может привести к

тяжелым последствиям.

Как предотвратить трагедию

Специалисты настоятельно рекомендуют соблюдать простые, но жизненно важные меры безопасности:

- не оставляйте детей без присмотра в комнате с открытым окном;
- установите на окна специальные блокираторы или детские замки;
- не ставьте мебель рядом с окнами,

чтобы ребенок не мог забраться на подоконник;

- не рассчитывайте на москитные сетки — они не защищают от падения;
- объясняйте детям опасность открытых окон, но не полагайтесь только на их понимание.

Ответственность взрослых

Важно помнить: безопасность ребенка полностью зависит от взрослых. В слу-

чае несчастного случая родители могут нести ответственность за ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию и обеспечению безопасности детей.

Каждый подобный случай — это трагедия, которой можно было избежать. Простые меры предосторожности способны сохранить самое ценное — жизнь и здоровье ребенка.

ОЧС Буландынского района.

ОҚЫРМАН ХАТТАРЫ – ПИСЬМА ЧИТАТЕЛЕЙ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында

Макинск қаласының орталық көшелерінде сенбілік өткізілді. Сенбілікке мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, мәдениет және білім саласының өкілдері, сондай-ақ белсенді жастар мен Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері қатысты.

Іс-шараға қатысушылар қаланы абаттандыруға өз үлестерін қосып, көшелерді қоқыстан тазалап, қоғамдық аумақтарды ретке келтірді.

Мұндай бастамалар экологиялық мәдениетті қалыптастырып, туған қаладағы тазалық пен тәртіпке азаматтардың жауапкершілігін арттырады.



В рамках республиканской акции «Таза Қазақстан»

На центральных улицах города Макинска был проведен субботник, в котором приняли участие государственные служащие, работники бюджетных организаций, работники культуры и образования, активисты и работники Молодежного ресурсного центра.

Участники мероприятия внесли свой вклад в благоустройство города, очистили улицы от мусора и привели в порядок общественные территории.

Подобные инициативы способствуют формированию экологической культуры и повышают ответственность граждан за чистоту и порядок в родном городе.

СОБ. ИНФ.

Ауданда есірткіге қарсы акция өтті

Жастар арасында нашақорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы аудандық полиция бөлімінің өкілдерімен бірлесіп халық арасында үгіт ма-



териалдарын таратуды ұйымдастырды.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылар заманауи синтетикалық есірткілердің қауіптілігіне назар аударып, өтіп бара жатқан адамдармен түсіндірме әңгімелер өткізді. Құқықтық салдарға ерекше назар аударылды: тұрғындарға есірткі құралдарының заңсыз айналымына қатысқаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес қатаң жаза қарастырылғанын еске салды.

Мұндай акциялар өскелең ұрпақтың



есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыруға және ауданда қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.

Забота, проверенная делом: безопасность и качество питания в школе

В последние годы вопросы безопасности в школах и качества питания учащихся находятся под особым вниманием общества. Наша КГУ «Общеобразовательная школа с. Караозек» - не исключение. Мы стремимся создать для детей не только комфортную, но и максимально безопасную среду.

Особое внимание уделяется противопожарной безопасности. В учебном заведении регулярно проводятся плановые проверки, инструктажи с педагогами и учащимися, а также тренировочные эвакуации. Все сотрудники школы четко знают алгоритм действий в случае чрезвычайной ситуации, а дети с раннего возраста обучаются правилам поведения при пожаре. Благодаря слаженной работе коллектива и соблюдению всех норм, школа остаётся надёжным и защищённым местом для обучения.

Не менее важным направлением является организация школьного питания. За качество и своевременность питания отвечает арендатор школьной столовой С. Е. Турлубеков, который зарекомендовал себя как ответственный и добросовестный партнёр.



Ежедневно учащиеся получают горячее, вкусное и сбалансированное питание благодаря нашему повару А. Е. Шабешкеновой, которая готовит вкусные и разнообразные блюда.

Помощник повара К. С. Жумабаева выполняет очень важную работу: помогает основному повару готовить блюда, следит за чистотой и порядком на кухне, нарезает продукты, моет овощи и фрукты, подготавливает ингредиенты для супов, вторых блюд и салатов. Благодаря её аккуратности и вниманию к деталям еда получается вкусной и полезной для детей. Специалист по выпечке Э. И. Пропустина - человек, который занимается выпечкой, отвечает за приготовление свежей и ароматной хлебобулочной продукции: булочек, пирогов, печеня и других лакомств для детей. Она тщательно следит за качеством ингредиентов и временем приготовления, чтобы все сладости были вкусными, безопасными и радовали детей каждый день.

В меню включены разнообразные блюда, учи-

тывающие возрастные особенности детей. Особо хочется отметить, что пища готовится с соблюдением всех санитарных норм, из свежих и качественных продуктов.

Дети с удовольствием посещают столовую, отмечая вкус и разнообразие блюд. Родители также выражают благодарность за заботу о здоровье их детей. Вежливый персонал, чистота в помещении и тёплая атмосфера делают пребывание в столовой комфортным и приятным.

Таким образом, в нашей школе успешно решаются важные задачи - обеспечение безопасности и забота о здоровье учащихся. Это результат совместной работы администрации, педагогического коллектива и ответственного арендатора.

Мы уверены, что только в таких условиях возможно полноценное развитие и обучение подрастающего поколения.

В. ЮРЧЕНКО, социальный педагог КГУ «Общеобразовательная школа с. Караозек».

Наурыз мейрамы – праздник единства и традиций в сельских округах



В сельских населённых пунктах Отрадное и Шубарагаш торжественно отметили один из самых значимых народных праздников - Наурыз мейрамы. Праздничные мероприятия прошли при активном участии жителей, сотрудников акимата, педагогов и учащихся школ, а также при поддержке спонсоров.

На проведение праздничных мероприятий ТОО «Журавлевка» выделило 200 тысяч тенге на округ. Кроме того, индивидуальный предприниматель Шарипова предоставила приз - мешок муки.

21 марта праздник состоялся в селе Отрадное. Коллектив и учащиеся шко-

лы организовали праздничный концерт, создав для жителей атмосферу весны, обновления и радости. Сотрудники акимата и школы подготовили щедрый дастархан с национальными угощениями.

Особое внимание было уделено спортивным состязаниям. Жители села активно участвовали в поднятии гири среди мужчин и женщин, армрестлинге, а также в перетягивании каната. Победители соревнований были награждены призами.

22 марта праздничные мероприятия продолжились в селе Шубарагаш. Здесь сотрудники акимата совместно с жителями организовали мини-кон-

церт, в котором приняли участие сельчане. Также были подготовлены национальные блюда, символизирующие гостеприимство и достаток.

Спортивная программа включала традиционные состязания: поднятие гири, армрестлинг, перетягивание каната, а также жілік жару. Все соревнования проводились среди мужчин и женщин, что позволило каждому желающему проявить свою силу и ловкость. Победители получили заслуженные призы.

Особым событием стал конкурс по поднятию мешка муки, победитель которого забрал главный приз, предоставленный ИП Шариповой.



Празднование Наурыз мейрамы в Отрадном и Шубарагаше стало ярким примером сплочённости сельчан. Жители активно участвовали в организации и проведении мероприятий, поддерживали друг друга и сохраняли национальные традиции.

Важную роль в проведении праздника сыграла спонсорская помощь, благодаря которой удалось сделать мероприятия более насыщенными и запоминающимися.

Наурыз в очередной раз доказал, что это не просто праздник, а символ единства, дружбы и обновления, который объединяет людей и укрепляет связь поколений.

А. АМАНЖОЛОВА.





Өнердің, еңбектің және шәкірт пен ұстаз арасындағы тығыз байланыстың айқын көрінісі



Концерттік бағдарлама әсерлі билер мен әсем әндерге толы болды. «Той думан», «Ару қыздар», «Қыр қыздары», «Назқоңыр» секілді ұлттық нақыштағы билер, сондай-ақ түрлі халықтардың мәдениетін танытатын татар, өзбек, ұйғыр билері көрерменнің зор қошеметіне ие болды. Сонымен қатар жас өнерпаздардың орындауындағы әндер мен күйлер кештің мазмұнын байыта түсті.

Ата-аналар мен түлектердің жүрекжарды лебіздері кештің әсерін одан әрі арттыра түсті. Олар орталық ұжымына алғыс айтып, балалардың жарқын болашағына сенім білдірді. Кеш соңында ұйымдастырушылар көрермендерді алдағы уақытта да өнер кештеріне шақырып, балаларды өнер мен спортқа баулуға атсалысуға үндеді.

Бұл мерейлі кеш - тек есеп беру ғана емес, өнердің, еңбектің және шәкірт пен ұстаз арасындағы тығыз байланыстың айқын көрінісі болды. «Алтайнай» ансамблі мен «Шапағат» орталығы алдағы уақытта да талай биік белестерді бағындыратыны сөзсіз.



Яркое свидетельство труда, таланта и нерушимой связи между педагогами и учениками



В районном Доме культуры состоялся яркий и вдохновляющий вечер, наполненный искусством и творчеством. Отчётный концерт, посвящённый 25-летию танцевального ансамбля «Алтайнай» и 5-летию детского творческого центра «Шапағат», подарил зрителям незабываемые впечатления.

Вечер открылся тёплыми словами ведущих Жайнарбека Зандыбая и Жулдыз Тлеухановой, которые с первых минут создали особую атмосферу праздника. История коллектива берёт своё начало с 2001 года, когда был создан танцевальный ансамбль «Толғанай». Со временем он получил новое имя — «Алтайнай» и стал настоящей гордостью

района. За эти годы коллектив воспитал тысячи детей, прививая им любовь к национальному танцевальному искусству и внося значительный вклад в развитие культуры.

Руководитель ансамбля Сураганова Бакытгуль Бекеновна - человек, посвятивший свою жизнь искусству. Окончив женский педагогический институт в городе Алматы, она продолжила свою трудовую деятельность в нашем районе. Благодаря её профессионализму, настойчивости и любви к делу, было воспитано множество талантливых учеников, завоевавших призовые места на областных, республиканских и международных конкурсах.

В 2021 году по инициативе Бакытгуль Бекеновны был открыт детский творческий центр «Шапағат», который сегодня стал настоящим центром развития для детей. В настоящее время здесь занимаются около 200 детей по 9 направлениям: волейбол, баскетбол, футбол, настольный теннис, шахматы, казахская борьба, вокал, добра и хореография.

В ходе вечера тренеры, руководители кружков и воспитанники центра были тепло встречены зрителями. Особое внимание было уделено их достижениям и вкладу в развитие центра.

С юбилейными датами коллектив поздравил аким Буландынского района

Ардак Смайылов. Он вручил благодарственные письма тренерам, педагогам и руководству центра, отметив их высокий профессионализм и значительный вклад в воспитание подрастающего поколения.

Концертная программа была насыщена яркими танцевальными и музыкальными номерами. Зрители с восторгом приняли такие постановки, как «Той думан», «Ару қыздар», «Қыр қыздары», «Назқоңыр», а также танцы народов мира - татарский, узбекский и уйгурский. Украшением вечера стали и вокальные, и инструментальные выступления юных артистов.

Тёплые поздравления от родителей

и выпускников придали мероприятию особую душевность. Они выразили искреннюю благодарность коллективу центра и уверенность в светлом будущем детей.

В завершение организаторы пригласили зрителей на будущие мероприятия и призвали активнее вовлекать детей в творчество и спорт.

Этот праздничный вечер стал не просто отчётным концертом, а ярким свидетельством труда, таланта и прочной связи между педагогами и учениками. Нет сомнений, что ансамбль «Алтайнай» и центр «Шапағат» впереди ждёт ещё множество новых достижений и побед.

А. АМАНЖОЛОВА.



Жүректен шыққан жылы лебіздер, ізгі ниеттер

Аудан басшысы атынан Алғас хат иелері:

Волейбол, баскетбол командасы, бапкері Бабек Хасихан
Аққайың Волейбол командасы, бапкері Ирина Старовойтова
Футбол командасы, бапкері Данабек Жарқынов
Стол теннис командасы, бапкері Валерий Утешев
Шахмат командасы, бапкері Болат Зейнуллаұлы Шакиров
Қазақ күрес командасы, бапкері Жасулан Ниязов
«Шертер» Домбыра үйірмесі, жетекшісі Жекейхан Аманбай
«Балауса» вокалдық ән ансамблі, жетекшісі Бақытгүл Сұрағанова
«Алтынай» би ансамблі, жаттықтырушы Айша Елеш
Орталықтың басшысы - Бақытгүл Бекенқызы Сұрағанова.



Өнер жолындағы еңбектеріңіз әрқашан жемісті болып, шәкірттеріңіз көбейе берсін!

Ізгі ниетпен, Сандуғаш Исмакова, Көкшетау қаласы.

Районный дом культуры выражает благодарность детской творческой студии «Шапагат», танцевальному коллективу «Алтынай», вокальной группе «Балауса», домбровому ансамблю «Шертер» за совместное участие в районных мероприятиях. Коллективы продемонстрировали высокий уровень профессионализма, ответственности и слаженности в процессе подготовки и участия в мероприятиях. Все поставленные задачи выполнялись своевременно и качественно, с учётом требований и особенностей каждого события.

Особо следует отметить творческий подход участников, инициативность и умение работать в команде. Коллективы активно включались в организационные процессы, что положительно отразилось на общем уровне проведения мероприятий. Участие в мероприятиях способствовало укреплению командного духа, развитию коммуникативных навыков.

Выражаем благодарность за вклад в совместное успешное проведение мероприятий и достойное представление организации.

Аудандық кітапхана ұжымы «Шапагат» балалар шығармашылығы және спорт орталығының 5 жылдық мерейтойымен және «Алтынай» би тобының 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

Осы айтулы даталар – ұжымның тынымсыз еңбегінің, шығармашылық ізденісінің және жоғары кәсібилігінің жарқын нәтижесі. Сіздердің еңбектеріңіз жас ұрпақтың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Орталықтың табысты жұмысы, ең алдымен, оның басшысы Сұрағанова Бақытгүл Бекенқызының білікті басшылығы мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі деп білеміз. Оның бастамашылығы мен ұйымдастырушылық қабілеті ұжым жұмысының сапасын арттырып, көптеген жетістіктерге жетуіне жол ашуда.

Аудандық кітапханада өткізілетін мерекелік іс-шараларда «Шапагат» орталығының биші қыздары өз өнерлерін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүр. Сонымен қатар, біздің балалар кітапханасында жазғы демалыс кезеңінде ұйымдастырылатын

іс-шараларға да орталық тәрбиеленушілері белсенді қатысып, өзөнерлерімен шығармашылықтарын танытып келеді. Бұл – екі мекеме арасындағы тығыз әрі нәтижелі ынтымақтастықтың айқын көрінісі.

Біз алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс жасап, ортақ жобаларды жүзеге асырамыз деп сенеміз. Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, толағай жетістіктер және жаңа белестер тілейміз!

Құрметпен Модельдік орталық аудандық кітапхана ұжымы.



Бақытгүл Бекенқызы менің қызым Бибігүлге қазақтың ұлттық би өнерінің қыр - сырын үйреткен, бүгінгі күні Алтынай тобының ортаншы және кіші тобына 2 немере қыздарым барып топпен халықаралық сайыстарда гранпри алып жүр. Бақытгүл Бекенқызы мен Елеш Айшаға тәзімділігі мен таланты үшін шын жүректен алғыс айтамын. Мың бұралған би мен эстетикалық талғамды бойларына сіңіріп, сахнада ұлттық өнерімизді насихаттап үлкен өнер әлеміне жетелеп жүргендеріңіз үшін рақмет. Өнеріңіз өрлей берсін, шәкірттеріңіз көп болсын!

Ізгі тілекпен, Зәмзәгул Қапсақтызы Куанышева.

Құрметті Бақытгүл Бекенқызы, Елеш Айша!

Сіздерге қызымызға көрсеткен еңбектеріңіз, төккен терлеріңіз бен шексіз шыдамдылықтарыңыз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Сіздердің арқарларыңызда балаларымыз би өнерін үйреніп қана қоймай, сахна мәдениетін, әсемдік пен тәртіпті бойларына сіңіріп келеді.

Әрбір балаға ерекше көңіл бөліп, олардың қабілеттерін ашуға ықпал етіп жүргендеріңіз үшін ризашылығымыз зор. Балаларымыздың жетістіктері – Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі. Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, толағай жетістіктер тілейміз! Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!

Ізгі тілекпен, Баймулдина Айназ және ата-анасы!

Менің би әлеміне жасаған алғашқы қадамым 2002 жылы екінші сыныптан басталды. Сол кезде сыныптасым Айгерім екеуіміз бірге келіп, би өнерінің табалдырығын аттадық. Содан бері би менің өмірімнің ажырамас бір бөлігіне, жүрегіме жақын өнерге айналды.

Осы орайда, ең алдымен, бізге тек

би үйретіп қана қоймай, өмірлік маңызды құндылықтарды сіңірген ардақты хореографымыз - Бақытгүл Бекенқызына шексіз алғысымды білдіремін. Ол бізге тәртіпті, ұйымшыл болуды, бір-бірімізді қолдауды және алға қойған мақсатқа бірге жетуді үйретті. Оның әрбір еңбегі, әрбір сабағы мен үшін өте қымбат әрі бағалы.



Сізге деген алғысым шексіз! Сізден алған тәлім мен тәрбие жүрегімде әрқашан сақталады.

«Шапагат» мектебіне өркендеу, толағай табыстар, биік белестер мен жаңа жеңістер тілеймін! Әрдайым өнердің шамын жағып, талай шәкірттің жолын ашып жүре беріңіздер!

Ізгі тілекпен шәкіртіңіз: Индира Айбабина, Көкшетау қ.



11 жыл...

Осы санды айтқанда, жүрегімде бірден қанша ма естеліктер тіріледі...

Кішкентай қыз болып алғаш табалдырығын аттаған «Алтынай»...

Сол кезде мен кім боларымды білмедім, бірақ дәл осы жер мені өсірді. Бұл жай ғана би тобы емес еді...

Бұл - менің екінші үйім, менің балалық шағым, менің жанымның бір бөлігі.

Сахнаға шыққан әрбір сәт, көз жасы, шаршау, қуаныш, жеңіс - бәрі осы жерде қалды...

Ал сол жолда бізді жетелеген жан - Бақытгүл Бекенқызы...

Сіз бізге тек қимыл үйреткен жоқсыз...

Сіз бізге жүректен өмір сүруді үйреттіңіз.

Құлаған кезде тұруды, шаршағанда тоқтамауды, өзімізге сенуді - сізден үйрендік.

Кейде сіздің қаталдығыңыздың артында қаншалықты үлкен мейірім жатқанын енді түсініп жатырмын...

Бұл уақыт қайтып келмейді.

Бірақ ол менің жүрегімде мәңгі қалады.

«Алтынай» - менің тарихым. Менің махаббатым. Менің мәңгілік бір бөлшегім... Рақмет сізге... бәрі үшін...

Мереке Өнербек, Астана қаласы.

Детскому творческому студии «Шапагат» исполнилось 5 лет и также 25-летний юбилей отмечает танцевальной коллектив «Алтынай». За эти годы коллектив стал символом таланта и преданности искусству. Желаем дальнейших успехов, вдохновения и новых ярких выступлений!

Лемма Ахмедовна Пономаренко.



Құрметті Бақытгүл Бекенқызы!

Сіздің шын жүректен мерейтойыңызбен құттықтаймын! Сіз тек би үйретіп қана қоймай, бізге әсемдік, нәзіктік, тәртіп пен сахна мәдениетін, өнерді жүректен сезуді, шыдамды болуды, сахнада сенімді ұстауды, тіпті өмірде де өз орнамызды табуға ұмтылуды үйреттіңіз.

Сіздің әр сөзіңіз, әр ескертуіңіз, әр мақтауыңыз, әр жанашырлығыңыз менің жүрегімде сақталып қалды.

Кейде адамның өмірінде орны ерекше жандар болады ғой... Сіз - мен үшін дәл сондай жансыз. Менің бүгінгі әрбір кішкентай жетістігімде, әрбір сенімді қадамымда, әрбір сахнадағы күлкімде сіздің ізіңіз бар. Сол үшін сізге алғысымды сөзбен жеткізу өте қиын...

Бірақ жүрегімдегі шынайы сезіммен айтарым - сізге мың алғыс, Апауым!

Сіз маған тек ұстаз емес, жүрегіме жақын, ерекше, қымбат жан болып қалдыңыз. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шексіз бақыт, шығармашылық табыс, шәкірттеріңіздің махаббаты мен құрметіне бөлене беруіңізді тілеймін. Әрқашан деніңіз сау, жүзіңіз жарқын, еңбегіңіздің жемісін көріп жүре беріңіз!

Сізді әрқашан жақсы көремін, құрметтеймін!

Саягул Темірханқызы, Көкшетау қаласы.

«Шапагат» шығармашылық орталығы – өнерге баулитын, талантты жастарды дамытатын керемет орын. Мұнда әрбір оқушыға ерекше көңіл бөлініп, би өнерін үйренуге барлық жағдай жасалған. Ұстаздары өте кәсіби, сабақты қызықты әрі түсінікті өткізеді. Орталықтың атмосферасы шабыт беріп, әр бала өз қабілетін аша алады. Осындай керемет орта үшін мың алғыс!

Гүлзат Шәкірқызы Әмірова, ата-ана.



Мен би үйірмесіне 2-сыныптан бастап барған едім, қателеспесем. Ол кезде тобымыздың аты «Толғанай» болатын. Сол кездердің бәрі әлі күнге дейін көз алдымда — ұмытылмас балалық шақтың ең бір жарқын кезеңі болып қалды.

Ең алаш рет Бақытгүл Бекеновна үйлерді аралап, шәкірт іздеп, менің үйіме келгені де есімде. Ал алғашқы сабағымна мені Нұрғұл тәтем апарып еді. Сол күннен бастап би әлеміне қадам басқан едім.

Сіз бізге тек би үйретіп қана қоймай, сахна мәдениетін, тәртіпті, еңбекті және достықты үйреттіңіз. Әрбір дайындық, әрбір қойылым - жүрегімде мәңгі сақталатын естелік.

